



іргелі ескерткіші кеншілер астанасынан орын алуы құба-құп. «Қасым Аманжолов» атындағы арнайы басылым мен сайт бүгінгі студенттер мен оқушылар үшін де аса қажет.

Ал «қазіргі Н.Гоголь атындағы облыстық кітапханаға Қ.Аманжолов есімін берсек» деген ұсынысты тіпті жөн санап отырмыз. «Кітапханалар - өткеннен болашаққа көпір» дейді ғұлама ғалымдар. Автордың «Қазақ елі жаңа заманның еңселі есігін егемен ел болып ашса да, кітапханаға Гогольдің есімі «жабысып-ақ қалды» деп шамдануы негізсіз емес. Өйткені, еліміз еркіндік алғаннан бергі жиырма жылда бұрын Н.Островскийдің атымен аталған Павлодардың облыстық кітапханасы С.Торайғыровтың, Батыс Қазақстандағы Н.Крупская атындағы облыстық кітапхана Ж.Молдағалиевтің, Қы-

«Дауыл гой, дауылдан

бар тұрған бойым,

Мен қайтіп іштегі өртті жасыра алам»- деген айрықша дарын иесі, қазақ руханиятының көшбасшысы, дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың туғанына биыл 100 жыл толғалы отыр. Қасым - бүкіл саналы ғұмырын қалам өнеріне жұмсаған, қазақ поэзиясын көркемдік, өткірлік, тапқырлық, идеялық тереңдік, мазмұндылық жағынан ілгері бастырған бірегей ақын. Ұлттық поэзияда айбарлы үн қалдырған талант иесінің мерейтойы қарсаңында патриот жастардың үн қосуы зандылық.

Олай болса, «Орталық Қазақстан» газетінің өткен №23-24 санында Дулат Аманжолдың «Толассыз топанындай ертегінің...» мақаласында көтерілген мәселелерімен толықтай келісеміз. Қасиетті Қарқаралы топырағынан нәр алып, Арка өңірінде дүниеге келген Қасымның

зылордадағы М.Горький атындағы облыстық кітапхана Ә.Тәжібаевтың, Оралдың А.Гайдар атындағы облыстық кітапханасы Х.Есенжановтың, Солтүстік Қазақстанның облыстық кітапханасы С.Мұқановтың есімін иемденіп, жаңа тынысқа ие боп, тәуелсіздік рухын бойына сіңірді. Елеулі есімдер өскелең ұрпақтың жадында жаңғырып тұруы үшін басқа облыстар жалтақтық танытқан жоқ! Ал Орталық Қазақстандағы ең ірі кітапхана ұлттық жағынан ұнжырғасы түсіп, «гоголевка» боп сүмірейіп тұрғанын ашық айтпасақ лаж жоқ.

Қорыта айтқанда, кітапхананың ұлт болашағы мен ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше екенін ескеріп, жоғары жақ рухани орталыққа Қ.Аманжоловтың есімін берсе, ақиық ақын ұрпағымен мәңгі жасасып, жарқырай бермек!

**Әйгерім КӘРІМОВА,**  
студент